

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 маусымдағы N 788 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 54 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 12 наурыздағы N 289 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 12 наурыздағы N 289 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауға жататын тауарлардың жекелеген түрлеріне рыноктағы бағалары бойынша ресми ақпарат көздерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 маусымдағы N 788 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 21, 266-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауға жататын тауарлардың жекелеген түрлеріне рыноктағы бағалары бойынша ресми ақпарат көздерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 20-жолдағы "*" белгісі алынып тасталсын;
"*8702, 8703-тен - автокөлік құралының паспортында көрсетілген шығарылған жылын негізге ала отырып, есептелген 5 жылдан аспайтын пайдалану мерзімімен" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*